

**Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету қағидасын" бекіту туралы" N 62/32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы (3 сайланған 31 кезекті сессия).**

Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 28 наурыздағы N 29/31 шешімі. Павлодар қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 5 сәуірде N 85 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету қағидасын" бекіту туралы" N 62/32 шешіміне (2 сайланған 32 кезекті сессия), (2003 жылғы 15 тамыздағы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1999 болып тіркелген, 2003 жылғы 23 тамыздағы N 96 "Сарыарқа самалы", 2004 жылғы 17 наурыздағы N 11 "Версия" газеттерінде жарияланған, 2004 жылғы 30 маусымдағы N 72 /8, 2004 жылғы 22 қазандағы N 100/9, 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 78/15, 2006 жылғы 30 наурыздағы N 47/23, 2006 жылғы 10 шілдедегі N 68/25 шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

"Шешім атауындағы және көрсетілген шешіммен бекітілген "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету қағидасындағы" (бұдан әрі - Қағида) "тұрғын үй жәрдемақысы" сөздері "тұрғын үй көмегі" сөздеріне ауыстырылсын;

"Қағиданың" 15-тармағындағы "Павлодар қаласы тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасы" сөздері "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі" сөздеріне ауыстырылсын".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*О. Костенко*

*В. Лебедь*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК